# "Қазақстан Республикасының Үкіметі Аппаратының мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қыркүйектегі № 993 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 14 маусымдағы № 469 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасының Үкіметі Аппаратының мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қыркүйектегі № 993 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты штат санының лимиті оған ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемені ескере отырып , 593 бірлік болып бекітілсін.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының оған ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекеменің адам санын ескере отырып, штат санының лимиті осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*
*Премьер-Министрі* *О. Бектенов*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2024 жылғы 14 маусымдағы
№ 469 қаулысына
қосымша
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 11 қыркүйектегі
№ 993 қаулысымен
бекітілген

## Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының оған ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекеменің адам санын ескере отырып, штат санының лимиті

| Атауы | Штат санының лимиті |
|---|---|
| Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты оған ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемені ескере отырып, оның ішінде: | 593 |
| Қазақстан Республикасының мемлекеттік фельдъегерлік қызметі | 336 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК